

ЖОБА ӘДІСІ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ

*Әбілова З.Т.¹, аспирант, И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, Бішкек, Қырғызстан, e-mail: abilova_zaru@mail.ru

Аңдатпа. Мақала білім беру процесіндегі жоба әдісінің ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Мақалада жоба әдісінің принциптері, оның негізгі кезеңдері мен белгілері ашып көрсетіледі.

Жоба әдісі белгілі бір мәселені оқу-әдістемелік білімді негізге ала отырып түпкілікті құрылымын айқындау арқылы шешуді қамтиды. Жоба әдісі оқу процесінде қандай да бір зерттеушілік, шығармашылық міндет қойылған кезде тиімді болады, себебі оны шешу үшін әртүрлі салалардан интеграцияланған білім, сонымен қатар зерттеу әдістерін қолдану қажет.

Бұл нәтижені көруге, түсінуге, нақты практикалық іс-әрекетте қолдануға болады. Мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін студенттерді дербес ойлануына, проблемаларды табуға және шешуге үйрету керек, осы мақсат үшін әртүрлі салалардағы білімді, әртүрлі шешімдердің нәтижелері мен ықтимал салдарын болжай білу, себеп – салдар байланысын орната білу қажет.

Жоба әдісімен жұмыс жасау оқытушыдан оқыту мазмұнын жобалауда педагогикалық шеберлікті талап етеді және оқытушы педагогикалық, кәсіби және ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерін меңгеруі тиіс. Оқу тәрбие процесінде жоба әдісін қолдану үшін оқытушы студенттердің жеке ерекшеліктерін білу қажет. Бұл білім психологиялық-педагогикалық пәндер блогын қамтамасыз етеді. Бұл процессте мұғалімнің рөлі өте маңызды және жобаны дайындаудың әр кезеңінде әр түрлі болады. Жоспарлау кезеңінде кеңесші, мотиватор; көмекші ретінде әрекет етеді.

Тірек сөздер: әдіс, жоба, жоба әдісі, технология, жоба түрлері, оқу процесі, принцип, дамыту

Негізгі ережелер

Жоба әдісі ХІХ ғасырдың екінші жартысында АҚШ-та пайда болды. Ол «жасау құралы арқылы оқытуды» жариялаған прагматикалық педагогиканың теориялық тұжырымдамаларына (Дж. И.Э.Дьюи «Болашақ мектебі»-«Schools of Tomorrow», 1915) сүйенеді. Жоба әдісі У.Килпатриктің және Э.Коллингстің (АҚШ) жұмыстарында жан-жақты баяндалады. У.Килпатрик жобалар әдісімен жұмыс істейтін мектептің бағдарламасын былайша белгілеп берді: «Бағдарлама бір тәжірибеден алынған мәліметтер басқа тәжірибелердің тұтас тасқынын дамытуға және байытуға қызмет ететіндей өзара байланысқан тәжірибелердің желісі болып табылады» [1]. Мұндай қасиеттерге тек тұлғаның айналасындағы нақты ахуалмен байланысты іс-әрекет қана ие бола алады және тұлғаның маңызды қызығушылықтарына сүйенеді.

XX ғасырдың басында шығармашылық жоба әдісі С.Т.Шацкий, В.Н.Шульгин, М.В.Крупенина, В.В.Игнатов және т.б. секілді отандық педагогтердің да назарын аударды. Алайда БК(б)П ОК-нің 1931 жылғы қаулысымен жобалар әдісі пайдаланылмады. Одан бас тартуға екі фактор

ықпал етті. Біріншіден, жоба әдісінің идеологиялық тұрғыда қолдануы білім беру функцияларының төмендеуіне әкеліп соқтырды: білім беру міндеттері жалаң сипатқа ие бола бастады, оларды орындау нәтижелері тәрбие жетістіктерімен бағаланды. Екіншіден, кеңес мемлекетінің капиталистік елдермен саяси текетіресі аталған елдердің тәжірибесінен, соның ішінде білім беру саласындағы тәжірибесінен бас тартуға әкеп соқтырды.

Жобаның бүгінгі әдісін мектептердің оқу жоспарларына 90-жылдардың басында И.Л.Бим, И.А.Зимная, Е.С.Полат енгізген болатын.

Кіріспе

Жоба әдісі студенттердің бір проблеманы шешуін талап етеді. Ал проблеманы шешу үшін олар бір жағынан әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданса, екінші жағынан әр түрлі пәндерден алынған білімнің интеграциясын пайдалануы керек. Демек, жоба әдісі студенттердің білімділік ситуацияға түсіп, өз проблемаларын іздеп, тауып, шешуі, өзіндік жұмыстарын, іс-әрекетін ұйымдастыруы [2].

Жоба әдісінің мәні – белгілі бір білім жиынтығына ие болуды болжайтын және жобалау іс-әрекеті арқылы шешімін табуды алдын-ала ескеретін мәселеге деген студенттердің қызығушылығын ынталандыру, алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана білу икемділігін, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту болып табылады.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Зерттеліп отырған мәселе бойынша жарық көрген ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау, жалпылау, жүйелеу, жіктеу, түсініктеме беру, қорытындылау,

Нәтижелер және талқылау

Жоба түрлерінің саналуандылығы кейбір қиындықтарды туындатады. Жобаны жіктеуде оның типологиялық белгілерін анықтап алу қажет (Кесте 1).

Соңғы онжылдықта жоба әдісі әлемнің түрлі елдерінің тек педагогика саласында ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік салада білім беру жүйелерінде барынша кеңінен қолданылды:

- студенттерге білімдердің жиынтығын беру ғана емес, осы білімді өз бетінше алуға үйрету, алған білімдерді жаңа танымдық және практикалық міндеттерді шешуге пайдалана білу қажеттігі;

- коммуникативтік дағдылар мен қабілеттерге, яғни түрлі әлеуметтік рөлдерді (көшбасшының, орындаушының, делдалдың және т.т.) атқара жүріп, сан алуан топтарда жұмыс істей білу қабілеттеріне ие болудың өзектілігі;

- кең адами байланыстарды, түрлі мәдениеттерді, бір проблемаға түрлі көзқарастарды білудің өзектілігі;

- адамдарда зерттеу әдісін қолдану іскерлігін дамыту маңыздылығы: қажетті ақпаратты, деректерді жинақтау, оларды түрлі көзқарастар тұрғысынан талдай білу, болжамдар ұсыну, қорытындылар мен тұжырымдар жасау.

Егер студент жоғарыда көрсетілген дағдылар мен қабілеттерге ие болса, онда ол өмірге тез бейімделеді және өзгермелі жағдайға тез бейімделе алады, түрлі жағдайларда бағдарланады, түрлі ұжымдарда сәтті жұмыс істей алады.

Кесте 1 – Жобаны типологиялық белгілері бойынша жіктеу

Жобаның типологиялық белгілері					
Жобадағы әдіс	басым	Жобаны үйлестіру сипаты	Байланыстардың сипаты	Жобаға қатысушылар саны	Жобаның ұзақтығы
Жобалардың түрлері					
1.Зерттеушілік 2.Шығармашылық 3.Ойын 4.Ақпараттық		1.Ашық үйлестіру 2.Жасырын үйлестіру	1.Ішкі 2.Өңірлік 3.Халықаралық	1.Тұлғалық 2.Жұптық 3.Топтық	1.Қысқа мерзімді 2.Ұзақтығы орташа 3.Ұзақ мерзімді

Барлық жобаны сырттай бағалау қажеттігі туралы арнайы тоқталған жөн, өйткені олардың тиімділігін, үзілістерді уақтылы түзеп отыру қажеттігін тек осылай ғана қадағалауға болады. Бағалау сипаты көбінесе жобаның түріне, жобаның тақырыбына (оның мазмұнына), өткізу шарттарына байланысты болып келеді. Мәселен, зерттеу жобасының ерекшелігі өткізудің кезеңділігі болып табылады және студенттердің іс-әрекетін әр кезеңде қадағалап отыру қажет. Жарыспалы сипатта қарастырылатын ойын жобасында балдық жүйе пайдаланылуы мүмкін. Шығармашылық жобаларда көбінесе аралық нәтижелерді бағалау қиындық тудырады, бірақ егер мұндай көмек қажет болып жатырса, көмекке дер кезінде (дайын шешім түрінде емес, кеңес түрінде) келу үшін жұмысты қадағалаудың қажеттілігі туындайды. Басқаша айтқанда, жобаны сырттай бағалау (аралық және қорытынды) қажет, бірақ ол көптеген факторларға қарай түрлі формада болады. Оқытушы немесе сенім білдірілген сырқы сарапшылар қажет болған жағдайда балаларға көмекке келіп, біріккен іс-әрекеттің ұдайы мониторингін жүргізіп отырады.

Кез келген әдістің мазмұны оның принциптері арқылы ашып көрсетіледі. Жоба әдісінің принциптерін оқу тәрбие процесінде қолдануға болады.

Жоба әдісінің принциптері

- жоба идеяларының шынайы өмірмен байланысы;
- барлық қатысушылардың жобаны орындауға қызығушылығы;
- нақты өнімді жасауға бағытталу;
- қатысушылардың жобаны өз бетімен ұйымдастыруы және жауапкершілігі;
- жобаның пәндік және пәнаралық сипаты;
- мұғалімнің кеңесшілік-үйлестірушілік қызметіндегі жетекші рөлі;
- жобаның уақыттық және құрылымдық аяқталғандығы [3].

Принциптерге сүйене отырып, жобаны әзірлеу және оны өткізу кезеңдерін белгілеуге болады.

Жобаны әзірлеу және оны өткізу кезеңдері:

- қатысушылар тарапынан қарсы пікір білдіре отырып, топтарда жобаны (проблеманы шешудің болжамы) қорғау;
- жаңа проблемаларды анықтау;
- талқыланатын тақырып бойынша бір немесе бірнеше проблеманы айқындауға мүмкіндік беретін жағдайларды ұсыну;
- қойылған проблеманы шешудің болжамын ұсыну («миға шабуыл»), болжамдарды талқылау және негіздеу;
- топтарда болжамды растайтын немесе теріске шығаратын деректерді, дәлелдерді іздеумен жұмыс істеу;
- шағын топтарда қабылданған болжамдарды (әр топта бір болжаммен), тексеру әдістерін талқылау; болжамның жүзеге асып жатқандығын тексеру, нәтижелерді рәсімдеу.

Жобалық әрекетті ұйымдастыру

1. Ұйымдастыру кезеңі (тақырыпты, мақсатты, ережелерді анықтау, топтарды құру);
2. Жоспарлау кезеңі (мәселені талдау, міндеттер қою, ақпаратты дәлелдеу);
3. Шешім қабылдау (миға шабуыл, баламалы талқылау, оң шешімді таңдау);
4. Қорғау (іс-әрекетті көрсету және талдау);
5. Нәтижелерді тексеру және бағалау (жобаны орындау және талдау, кемшіліктердің себебін түсіндіру, рефлексия).

Жобамен жұмыс істеу кезеңдері 2 - кестеде ұсынылады.

Кесте 2 - Жобамен жұмыс істеу кезеңдері

<i>Жұмыс кезеңдері</i>	<i>Осы кезеңдегі жұмыс мазмұны</i>	<i>Студенттердің іс-әрекеті</i>	<i>Мұғалімнің іс-әрекеті</i>
Дайындық	Жоба тақырыбы мен мақсатын анықтау	Оқытушымен пәнді талқылайды және қажет болған жағдайда ақпарат алады және толықтырады	Жобалау тәсілінің мәнімен танысады және студенттерді ынталандырады. Мақсат қоюға көмектеседі
Жоспарлау	1. Ақпарат көздерін анықтау 2. Ақпаратты жинақтау және талдау тәсілдерін анықтау 3. Нәтижелерді ұсыну тәсілдерін белгілеу (есеп формалары)	Іс-әрекет жоспарын әзірлейді. Тапсырмаларды орындайды.	Идеялар ұсынады, ұсыныстар айтады
Зерттеу	Ақпарат жинақтау, аралық міндеттерді шешу. Негізгі әдістер: байқау, салыстыру	Зерттеу жүргізеді, аралық міндеттерді шешеді	Байқайды, кеңес береді, іс-әрекетке жанама басшылық жасайды
Нәтиже мен қорытынды	Ақпаратты талдау, Тұжырым жасау	Ақпаратты талдайды	Байқайды, кеңес береді
Таныстыру немесе есеп	Нәтижелерді таныстырудың ықтимал формалары: ауызша есеп, материалды таныстыру, жазбаша есеп	Есеп береді, талқылайды	Тыңдайды, қатардағы қатысушы ретінде сұрақ береді

Нәтижелерді және процесті бағалау		Талқылайды және өзін-өзі бағалауға қатысады	Студенттердің күш-жігерін, дерек көздерді пайдалану сапасын, жалғастыру мүмкіндігін, есеп сапасын бағалайды
-----------------------------------	--	---	---

Қорытынды

Жоба әдісі бойынша өткізілген сабақтар студент бойындағы қабілеттілік пен қызығушылығына сәйкес жетіліп, дамуына жағдай туғызылып, әр студенттің жекелеген мүмкіндіктерінің ашылуына ықпал жасайды. Студенттер өз ойларын ортаға салып, басқаларына сын көзбен қарауға үйренеді. Бұл әдіс - келешекте студенттердің зерттеу жұмыстарымен айналысып, ақпарат жинау, шыққан нәтижені бейнелеу, өз зерттеу жұмысын қорғау дағдысын қалыптастырады. Қорыта айтатын болсақ, жоба әдісі — бұл оқу жүйесі, оқу үрдісінің ұйымдастырылған моделі, ол студенттердің интеллектуалды және физикалық мүмкіндіктерін жаңа жобаларды құру үрдісінде шығармашылық қабілеттерін дамыту жолымен өзіндік тұлғаны жүзеге асыруға бағытталған. Теориялық тұрғыдан жобалау — белгілі бір мәселенің өзгеруі, дамуы деп танымыз. Жобаның құрылымы мәселенің талдауынан басталып, оны шешіп нәтижесіне жету үшін жасалатын қадамдардың жобалауынан тұрады. Жобалау жұмысында ой өрісінің дамуы, критикалық ойлау, креативтілік, сонымен қатар мәселелерді шешу қабілеті пайда болады. Оқытушы студентті өз бетімен білім алып, алған білімін арнайы рәсімдеумен жоба әдісі арқылы дәлелдей білуге үйретеді. Осы жұмыстың арқасында оқытушы мен студенттің арасында шығармашылық байланыс, жаңа көзқарас пайда болады. Жоба әдісін қолдану негізінде студенттің зерттеу, іздеу, анықтау, дәлелдеу, синтез, анализ жасау дағдылары қалыптасады және жоба әдісі белгілі мерзімге берілуіне байланысты студент уақытты ықшамдап үйренеді. Бұл келешекте студенттің өз өмірінде пайдалануға қажет қасиет пен дағды болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- [1].Корнеева Е.Н. Активные методы социально-психологического обучения. – М.,2009. – 138 с.
- [2].Килпатрик У.Х. Метод проектов. Применение целевой установки в педагогическом процессе. – М., 1975. – 48 с.
- [3].Климанова, Л. Ф. Инновационные технологии в обучении грамоте //Начальная школа. - 2010. - № 9. - С. 10.

REFERENCES

- [1] Korneyeva Ye.N. Aktivnyye metody sotsial'no-psikhologicheskogo obucheniya (Active methods of socio-psychological education). – М.,2009. – 138 s. [in Rus.]
- [2] Kilpatrik U.KH. Metod proyektov. Primeneniye tselevoy ustanovki v pedagogicheskom protsesse (Project method. The use of target setting in the pedagogical process) . – М., 1975. – 48 s. [in Rus.]

[3] Klimanova, L. F. Innovatsionnyye tekhnologii v obuchenii gramote (Innovative technologies in teaching literacy) //Nachal'naya shkola. - 2010. - № 9. - S. 10. [in Rus.]

ПРОЕКТНЫЙ МЕТОД КАК СОВРЕМЕННАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ОБУЧЕНИЯ

*Абилова З.Т.¹, аспирант, Кыргызский Государственный Университет им. И. Арабаева, Бишкек, Кыргызстан, e-mail: abilova_zaru@mail.ru

Аннотация. Статья направлена на изучение особенностей метода проектов в образовательном процессе. В статье раскрываются принципы метода проекта, его основные этапы и признаки.

Проектный метод предполагает решение определенной задачи путем определения ее окончательной структуры на основе учебно-методических знаний. Проектный метод эффективен тогда, когда в учебном процессе ставится какая-то исследовательская, творческая задача, поскольку для ее решения необходимо использовать интегрированные знания из различных областей, а также методы исследования.

Этот результат можно увидеть, понять, применить в реальной практической деятельности. Для достижения такого результата необходимо научить студентов самостоятельно мыслить, находить и решать проблемы, для этой цели необходимы знания в различных областях, умение прогнозировать результаты и возможные последствия различных решений, устанавливать причинно – следственные связи.

Работа по методу проектов требует от преподавателя педагогического мастерства проектирования содержания обучения, и преподаватель должен владеть педагогической, профессиональной и научно-исследовательской компетенциями. Для педагогического проектирования преподавателю необходимы знание личностных характеристик студентов. Эти знания обеспечивает блок психолого педагогических дисциплин. Роль преподавателя значительна и различна на каждом этапе подготовки проекта. Особенно значима, роль преподавателя, на подготовительном этапе. На этапе планирования, как и на этапе выполнения проекта, преподаватель выступает как. консультант, мотиватор; помощник. Преподаватель должен продумать, проработать весь проект, прописать четко, учебные задачи; подобрать необходимый; материал, должен, быть готов оказать помощь, не предлагая; готовых решений; спланировать всю серию занятий.

Ключевые слова: метод, проект, метод проекта, технология, виды проекта, учебный процесс, принцип, развитие

PROJECT METHOD AS A MODERN LEARNING TECHNOLOGY

*Abilova Z.T.¹, postgraduate student, Kyrgyz State University named after I. Arabaev, Bishkek, Kyrgystan, e-mail: abilova_zaru@mail.ru

Abstract. The article is aimed at studying the features of the project method in the educational process. The article reveals the principles of the project method, its main stages and features.

The project method assumes the solution of a certain task by determining its final structure on the basis of educational and methodological knowledge. The project method is effective when some kind of research, creative task is set in the educational process, because to solve it it is necessary to use integrated knowledge from various fields, as well as research methods.

This result can be seen, understood, and applied in real practice. To achieve such a result, it is necessary to teach students to think independently, find and solve problems, for this purpose, knowledge in various fields is needed, the ability to predict the results and possible consequences of various decisions, to establish cause-and-effect relationships.

The work on the project method requires the teacher to have pedagogical skills in designing the teaching content, and the teacher must possess pedagogical, professional and research competencies. For pedagogical design, the teacher needs to know the personal characteristics of students. This knowledge is provided by a block of psychological and pedagogical disciplines. The role of the teacher is significant and different at each stage of project preparation. The role of the teacher is especially significant at the preparatory stage. At the planning stage, as well as at the project execution stage, the teacher acts as. consultant, motivator; assistant. Teacher must think through, work out the entire project, prescribe clearly, educational tasks; pick up the necessary; material, must be ready to help without offering; ready-made solutions; plan the entire series of classes.

Keywords: method, project, project method, technology, types of project, educational process, principle, development

Статья поступила 27.02.2022